

**8D10102 - «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша (PhD)  
философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған  
«Радиоактивті қалдық қоймалары жақын орналасқан елді  
мекендердегі халықтың қатерлі ісік аурушандық қаупін бағалау және  
оны төмендетудің тиімді әдістерін жетілдіру» тақырыбындағы  
Ілбекова Құралай Бақытбекқызының  
диссертациялық жұмысына  
ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ**

Ілбекова Құралай Бақытбекқызы - «Астана медицина университеті» КеАҚ радиобиология және радиациялық қорғау ғылыми-зерттеу институтының докторанты.

Диссертациялық жұмыс қазіргі медицинаның және қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті де әлеуметтік маңызы зор мәселелерінің бірі - техногендік радиациялық әсерге ұшыраған аймақтарда тұратын тұрғындар арасындағы радиациямен шартталған онкологиялық қауіптерді бағалау және оларды төмендетудің тиімді әдістерін жетілдіруге арналған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі күмән тудырмайды және бірқатар факторлармен айқындалады. Қазақстан Республикасы уран қоры мен оны өнеркәсіптік өндіру көлемі бойынша әлемдегі жетекші елдердің қатарына жатады. Елдің кейбір өңірлерінде ондаған жылдар бойы уран өндіру және өндеу кәсіпорындарының антропогендік әсері орын алған. Радиоактивті қалдық қоймалары (РҚК) орналасқан аймақтарда радиациялық қауіптің қалыптасу мәселесі экология, эпидемиология, клиникалық онкология, радиациялық медицина, демография және әлеуметтік саясат салаларын тоғыстыратын кешенді сипатқа ие.

Қатерлі ісік ауруларының (ҚІ) жаһандық өсу үрдісі жағдайында иондаушы сәулеленудің әсерінен туындайтын ауруларды ерте анықтау мен алдын алудың тиімді әдістерін әзірлеу, қауіп факторларын айқындау ерекше маңызға ие. Қазіргі таңда ҚІ аурушандығының таралуы жөніндегі негізгі дерек көзі - онкологиялық аурулардың мемлекеттік статистикасы болып табылады. Алайда қолданыстағы статистикалық есеп нысандарында жеке сәулелену дозасы ескерілмейді, бұл ластанған аумақтардағы канцерогендік жағдайды талдау үшін аса қажет көрсеткіш.

Қ.Б.Ілбекованың жұмысы осы ғылыми олқылықтың орнын толықтырып, радиациялық-гигиеналық бағалау, эпидемиологиялық талдау, биостатистикалық модельдеу және клиникалық-эпидемиологиялық зерттеу әдістерін ұштастыратын құрылымдық тәсілді ұсынады. Бұл зерттеудің ғылыми жаңалығын ғана емес, оның жоғары практикалық маңыздылығын да көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді, соның ішінде 30-70 жас аралығындағы ересек халық арасындағы онкологиялық аурулардан болатын мерзімінен бұрын өлім-жітімді төмендету бағытына сай келеді. Сонымен қатар,

жұмыс Қазақстан денсаулық сақтау жүйесінің SWOT-талдау материалдарында көрсетілген экологиялық қауіп факторларының әсерін азайту жөніндегі стратегиялық басымдықтарға сәйкес келеді.

Осылайша, зерттеу тақырыбының таңдауы уақытылы, әлеуметтік тұрғыдан негізделген және халықтың денсаулығын қорғау, экологиялық қауіпсіздік пен өңірлердің тұрақты дамуы бойынша ұлттық саясаттың басымдықтарына сай келеді.

Диссертация айқын ғылыми-талдамалық бағытқа ие және автордың қазіргі эпидемиологиялық зерттеу мен деректерді талдау әдістерін жоғары деңгейде меңгергенін көрсетеді. Алынған нәтижелердің статистикалық өңдеуі танылған әдіснамалық тәсілдерге негізделіп, стандартталған аурушандық коэффициенттері (SIR), өмір бойғы атрибуттік қауіп, регрессиялық талдау және 2030 жылға дейінгі болжамдық модельдер есептеулерін қамтиды.

Жұмыс ғылыми сенімділігімен, әдіснамалық дұрыстығымен, құрылымдық қисындылығымен және тұжырымдарының дәлелділігімен ерекшеленеді.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасында алғаш рет РҚК маңында тұратын тұрғындар арасындағы қатерлі ісік ауруларының даму қаупін кешенді бағалаумен айқындалады. Бағалау барысында: радиациялық фонның кеңістіктік-уақыттық таралу заңдылықтары; ішкі және сыртқы сәулелену дозаларының есебі; онкологиялық аурушандық динамикасын бақылау аумақтарымен салыстырмалы талдау; радиация әсерінің биологиялық маркерлерін зерттеу; КІ аурушандығының болжамдық деңгейлерін математикалық модельдеу сияқты аспектілер ескерілген.

Бұл тәсіл ағымдағы радиациялық қауіпті бағалаумен ғана шектелмей, сонымен қатар алдын алу бағдарламаларын әзірлеу үшін қажетті ғылыми негізделген болжамдар жасауға мүмкіндік береді.

Жаңалық сонымен бірге радиациялық фоны жоғары аймақ тұрғындарының ағзасында биологиялық белсенді радионуклидтердің жинақталуымен байланысты метаболикалық маркерлерді зерттеу арқылы көрініс табады. Автор уранның зәрдегі концентрациясы, креатинин деңгейі мен радиациялық патологиялардың даму қаупі арасындағы тікелей байланысты ғылыми тұрғыда дәлелдеп, төмен дозалы созылмалы сәулеленудің әсер ету механизмдері жөніндегі түсініктерді кеңейтті.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы келесі нәтижелермен айқындалады: радиациялық қауіп факторларының әсерін азайту бойынша клиникалық және санитарлық-гигиеналық ұсынымдар әзірленді; жоғары қауіп топтары айқындалған, бұл мақсатты медициналық бақылау мен КІ ауруларының ерте диагностикасын ұйымдастыруға мүмкіндік береді; денсаулық сақтау, санитарлық қызмет және экологиялық бақылау органдарына арналған нақты ұсынымдар дайындалды; жергілікті медициналық ұйымдарға арналған профилактикалық алгоритмдер жасалды.

Ілбекова Қ.Б. өзін дербес, білікті және тәртіпті зерттеуші ретінде көрсетті. Автор эпидемиологиялық деректерді жинау мен бастапқы өңдеуді өзі жүргізіп, далалық зерттеулер мен санитарлық-гигиеналық өлшеулерге қатысқан, зерттеу қатысушыларын зертханалық тексерулер өткізген, алынған деректерге статистикалық және математикалық талдау жүргізіп, қорытындылар мен ұсынымдар жасаған.


Жұмыс радиациялық биология, эпидемиология және онкология саласын терең меңгергенін, алынған деректерді сыни тұрғыдан талдап, ғылыми нәтижелерді тәжірибеде қолдана алатынын көрсетеді. Зерттеу өзектілігімен, ғылыми негізділігімен, практикалық маңыздылығымен, нәтижелерінің дәлелділігімен және мазмұндық құрылымының сауаттылығымен ерекшеленеді.

Докторанттың зерттеу нәтижелері SCOPUS және Web of Science дерекқорларында индекстелетін ғылыми басылымдарда жарияланған.

Диссертацияда кездесетін жекелеген техникалық және стильдік қателер жұмыстың жалпы ғылыми деңгейі мен маңыздылығын төмендетпейді.

Осыған байланысты, Ілбекова Құралай Бақытбекқызының докторлық диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына толық сәйкес келеді және оны көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады. Диссертант 8D10102 - «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші: м.ғ.д.,  
«Астана медицина университеті»  
КеАҚ «Ішкі аурулар №1»  
кафедрасының профессоры**



**Ф.К. Бекенова**